

**Р.С. Серіков, А.А. Хамзина, Г.К. Жаббаева**

Ұлттық тестілеу орталығы, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.,  
e-mail: voud\_student@mail.ru

## **2019 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН СЫРТҚЫ БАҒАЛАУДЫ ТАЛДАУ**

Білім беру саласындағы ең маңызды мәселелердің бірі жоғары оқу орындарының білім беру қызметтерінің сапасын бағалау болып табылатыны анық. Нарықтық қатынастарға көшумен жоғары оқу орындарының саны өсті, бұл өңірлік және жалпыұлттық нарықта өткір бәсекелестік күрестің пайда болуына әкелді. Білім беру мекемесінің нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін ЖОО-лар жаңа білім беру бағдарламаларын, кәсіби практикалық дайындық деңгейін әзірлейді және игереді, жаңа баға саясатын ұсынады, оқытуды ұйымдастыруға әртүрлі жаңашылдықтар енгізеді, білім беру бағыттарын нақтылайды.

Бұл мақалада жоғары білімдегі оқу жетістіктерін сырттай бағалаудың (ОЖСБ) 2019 жылғы нәтижелерінің көрсеткіштері қарастырылған. 2019 жылғы ОЖСБ нәтижелері бойынша бағыттар және пәндер кескініндегі статистикалық мәліметтер көрсетілген. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» және «Шет тілі (ағылшын)» пәндері бойынша салыстырмалы талдау, бағыттар кескініндегі орташа балл бойынша статистикасы көрсетілген. ОЖСБ нәтижесінде ЖОО-лар арасында мамандық бағыттары, мамандықтар, пәндер бойынша салыстырмалы талдаулар жасау арқылы білім алушылардың білім деңгейінің озық немесе әлсіз тұстарын көруге және оқу процесін ұйымдастыруының қаншалықты тиімді екендігін бағалауға болады. ОЖСБ мемлекеттік мониторинг жүргізуге, соның нәтижесі арқылы еліміздегі ЖОО-лар көрсетіп отырған білім сапасын бағалауға, рейтингті анықтауға мүмкіндік береді деуге болады. Бұл өз кезегінде ЖОО-ларды сапалы білім беруге ынталандыратындығы сөзсіз.

**Түйін сөздер:** білім сапасы, білім беру сапасының мониторингі, оқу жетістіктерін сырттай бағалау, талдау.

R. Serikov, A. Khamzina, G. Zhabaeva  
National Testing Center, Kazakhstan, Nur-Sultan,  
e-mail: voud\_student@mail.ru

### **Analysis of the External Assessment of Educational Achievements in Kazakhstan in 2019**

Due to the transition to market-oriented relations, the number of universities in Kazakhstan has increased, which has led to competition at regional and national levels in higher education. To ensure the competitiveness of an educational institution in the market of educational services, universities develop and offer new educational programs that determine the level of professional training, offer a new pricing policy, and introduce various innovations in the organization of education. In the article the authors reviewed the indicators of the results of the external assessment of educational achievements (EAEA) of Higher education for 2019. Statistical data is presented in the context of directions and disciplines based on the results of the EAEA in 2019. A quantitative analysis was performed. A comparative analysis is also presented in the disciplines "Information and communication technologies" and "Foreign language (English)", statistics of the average score in the context of directions. According to the results of EAEA you can see the strengths and weaknesses of the level of knowledge of students and evaluate the effectiveness of the educational process through comparative analysis of fields, professions, disciplines among universities. The results of the EAEA allow carrying out the state monitoring, which is used to assess the quality of education provided by the country's universities, and determine the rating

**Key words:** quality of education, monitoring the quality of education, external assessment of educational achievements, analysis.

Р.С. Серіков, А.А. Хамзина, Г.К. Жабаева  
Национальный центр тестирования, Казахстан, г. Нур-Султан,  
e-mail: voud\_student@mail.ru

### Анализ внешней оценки учебных достижений в Казахстане в 2019 году

С переходом к рыночным отношениям число университетов в Казахстане увеличилось, что привело к конкуренции на региональных и национальных уровнях в сфере высшего образования. Для обеспечения конкурентоспособности образовательного учреждения на рынке образовательных услуг вузы разрабатывают и предлагают новые образовательные программы, которые определяют уровень профессиональной подготовки, предлагают новую ценовую политику, внедряют различные инновации в организации образования.

В данной статье рассмотрены показатели результатов внешней оценки учебных достижений (ВОУД) в высшем образовании Казахстана за 2019 год. Представлены статистические данные в разрезе направлений и дисциплин по итогам результатов ВОУД в 2019 году. Проведен количественный анализ. Также представлены сравнительный анализ по дисциплинам «Информационно-коммуникационные технологии» и «Иностранный язык (английский)», статистика среднего балла в разрезе направлений. По результатам ВОУД можно увидеть сильные и слабые стороны уровня знаний студентов и оценить эффективность организации образовательного процесса посредством сравнительного анализа областей специализации, специальностей, дисциплин среди вузов. Результаты ВОУД позволяют проводить государственный мониторинг, на основе которого оценивается качество образования, предоставляемого вузами страны, и определяется рейтинг.

**Ключевые слова:** качество образования, мониторинг качества образования, внешняя оценка учебных достижений, анализ.

### Кіріспе

Әлемдік білім беру жүйесінің, әлеуметтік-саяси және экономикалық тенденциялары ескеріліп құрылған ұлттық білім сапасын бағалау жүйесі алдыңғы қатардағы көптеген мемлекеттердің білім беру механизмдерінің табысты жұмыс істеуінің кепілі болып табылады.

Қазіргі ұлттық білім сапасын бағалау жүйелері қызметінің негізінде көп мемлекеттер үшін білім сапасы мен оны бағалаудың маңызды екенін айтуға болады. Себебі қоғамның бүгінгі даму кезеңінде білім – әлеуметтік-экономикалық үрдістің негізгі шарты, ал халықтың білім деңгейі постиндустриалдық мемлекеттің тұрақты дамуының маңызды факторы болып табылады.

Осыған орай, сапалы білім мемлекеттік басқарудың нысанына айналып, білім сапасын бағалау мен бақылаудың ұлттық қызметінің құрылуына себеп болды.

Білім сапасы маңызды мәселе болып табылды. Ол – білім беру үрдісінің нәтижелілігі мен жай-күйін бағалау көрсеткіші.

Қазақстан Республикасының білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі білім алушылардың оқу жетістіктерін сырттай және іштей бағалауды қамтиды.

### Оқу жетістіктерін сырттай бағалау

Бұл мақалада бағыттар кескініндегі статистикалық мәліметтерге, пән бойынша тапсыру

тілі кескінінде дәстүрлік жүйе бойынша бағалаудың, оқу жетістіктерін сырттай бағалаудың нәтижелері бойынша пәндер кескініндегі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және шет тілі (ағылшын) бойынша статистикалық мәліметтерге салыстыру және талдау әдістері қолданылды.

Бүгінгі күнде білім сапасын бағалау бойынша мәселелер К.С.Абдиев, Т.Ж.Интымаков, Ш.Б.Алтыбаеваның «Внешняя оценка учебных достижений в высшем образовании», Ж.К.Туймебаев, Т.О.Балыкбаев, С.М.Омирбаев, И.У.Сагиндиқов, Л.В.Нефедованың «Национальная система оценки качества образования: принципы и перспективы развития», Е.В.Клычева, О.П.Меркулованың «Обеспечение качества образовательного процесса» және т.б. еңбектерінде айтылған болатын.

2004 жылдан бастап оқу жетістіктерін сырттай бақылаудың бір түрі болып Мемлекеттік аралық бақылау (МАБ) жоғары оқу орындарының (ЖОО) 2 (3)-курс студенттеріне өткізілді. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі белгілеген төменгі шекті деңгейден өте алмаған ЖОО-лар кезектен тыс мемлекеттік аттестаттауға жататын. Бақылаудың бұл түрі өзіне жүктелген міндеттерді орындады.

МАБ-тың нәтижесінде оқу процесінде орын алған кемшіліктер анықталып, жойылды. ЖОО-лар оқытушыларға деген талаптарын күшейтсе, оқытушылар өз кезегінде студенттерге сапалы

білім беруге ден қойды. МАБ өзінің негізгі міндеттерін орындағаннан кейін жоғары білім беру сапасын мониторингілеуді жаңа, жоғары деңгейге көтеру қажеттілігі туындады. Осыған байланысты Білім және ғылым министрлігінде МАБ мәселелерін талқылау бойынша жұмыс тобы құрылып, оның шешімі бойынша Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жоғары білім сапасын бағалау жүйесін жетілдіру ретінде көзделді (Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», 2010) [1].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының қабылдануына байланысты және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 2011-2012 оқу жылында оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) рәсімі енгізілді (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2007) [2]. Қазақстан Республикасында ғылым мен білім беруді дамытудың 2020-2025 жж. арналған жаңа бағдарламасында жоғары оқу орындарындағы оқыту сапасын көтеру мәселесіне бірінші кезекте мән беріледі.

ОЖСБ ЖОО-ларды бітіруші түлектердің білімін бағалау үшін жүргізілді, себебі бітіруші түлектер ЖОО-лар көрсететін білім беру қызметтерінің нәтижесін көрсетеді және соның нәтижесінде көрсетілетін білім беру қызметтерінің салыстырмалы сапасы туралы айтуға мүмкіндік береді.

Оқу жетістіктерін бағалау тек ЖОО-ның кейбір критерийлерге сәйкестігін тексеруге ғана емес, оның бәсекеге қабілеттілік дәрежесін бағалауға, әртүрлі ЖОО-ларды өзара салыстыруға мүмкіндік береді. Мұндай іс-шаралар Еуропа одағы елдерінің жартысынан көбінде, соның ішінде Ұлыбританияда, Нидерландыда, Францияда және Скандинавия елдерінде үнемі өткізіліп тұрады (kazbilim.kz) [3].

ОЖСБ – білім беру ұйымдарындағы оқыту сапасын тәуелсіз мониторингілеу түрінің бірі болып табылады. ОЖСБ білім беру саласының сапасын бағалау және негізгі орта, жалпы орта білім беретін мекемелердің оқу бағдарламаларын және жоғары білім беру стандартында көзделген оқу пәндерінің деңгейін айқындау мақсатында жүзеге асырылады.

ОЖСБ-ның басты мақсаты білім беру қызметін бағалау және ЖОО-лардың тек қана нәтижеге бейімделуін, яғни ЖОО даярлаған

маманның қаншалықты бәсекеге қабілетті екендігін анықтау болып табылады.

ОЖСБ-ның міндеттері:

– білім алушылардың оқу жетістіктерін мониторингілеуді жүзеге асыру;

– оқу үрдісін ұйымдастырудың тиімділігін бағалау;

– білім беру ұйымдары көрсететін білім беру қызметінің сапасына салыстырмалы талдау жасау болып табылады (Интымаков, Алтыбаева, Скабаева, Баимбетова, 2014) [4].

Жыл сайын ЖОО-ларда ОЖСБ-ны өткізу жоғары білімнің сапасын айқын көрсетуге, ЖОО-ларға салыстырмалы талдау жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, ОЖСБ мамандар даярлаудың әр бағыты бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылауға, оқу процесін ұйымдастырудың тиімділігін бағалауға және білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерінің салыстырмалы талдауын жүргізуге мүмкіндік береді.

### Нәтижелер

Бүгінгі технология және жаһандану заманында Қазақстанға ақпараттық-технологиялық, ғылыми, медициналық, оқу-әдістемелік т.б. салалардағы жаңалықтардан, әлемдік озық тәжірибелерден хабары болып, бұл жаңалықтарды өзінің ана тілінде халқының игілігіне пайдалану үшін халықаралық байланыстарды нығайтып, әлем арнасына шығу үшін көп тіл білетін мамандар қажет.

Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа бірігуі азаматтарымыздың әлемдік тілдерді меңгеруі нәтижесінде мүмкін болатыны мәлім. Н.Ә. Назарбаев Қазақстанда ағылшын тілін қолдану, енгізу туралы ойды тұңғыш рет 2006 жылы Қазақстан халқының Ассамблеясында жариялаған болатын (Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқы Ассамблеясының 12-ші сессиясында сөйлеген сөзі, 2006) [5].

Көптілділік біздің қоғам үшін 2007 жылғы «Тілдердің үштұғырлығы» – «Триединство языков» – «Trinity of languages» тұжырымдамасынан бастау алған. Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Үш тілді меңгеру – біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады. Қазақстанды әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек», – деп ерекше атап көрсеткен болатын (Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауы, 2007) [7].

ЖОО-лардағы студенттерді тәрбиелеу үрдісінің ерекшелігі студенттерге патриоттық тәрбие

беру, өз халқының тарихын білу және құрметтеу, еліміздің келешегін жасауға белсенді қатысуға дайын болатындай тәрбие беру ([http://old.baq.kz/kk/news/bilim/ushtildi\\_bilim\\_beru\\_arkili\\_kuziretti\\_tulgani\\_kalipstiru\\_zaman\\_talabi](http://old.baq.kz/kk/news/bilim/ushtildi_bilim_beru_arkili_kuziretti_tulgani_kalipstiru_zaman_talabi)).

Осы мақсатта 2019 жылы жоғары білімдегі ОЖСБ төмендегідей төрт жалпы білім беретін пәндер бойынша өткізілді:

Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы.

Философия.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде).

Шет тілі (ағылшын, неміс, француз тілі).

2019 жылдан бастап жоғары білім беру ұйымдарында ОЖСБ оқытудың күндізгі нысаны бойынша білім алатын үшінші курс студенттері үшін жүргізілетін болды.

Жоғары білім беру ұйымдарында ОЖСБ өткізу үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің

үлгілік оқу бағдарламалары бойынша тест тапсырмалары пайдаланылады.

Әрбір пән бойынша тест тапсырмаларының саны – 25. Жалпы тестілеуге берілетін уақыт – 180 минут.

Білім беру ұйымдарында ОЖСБ-ны өткізу қағидаларының сақталуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің және Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің, Білім саласындағы бақылау департаменттерінің өкілдерімен жүзеге асырылады.

2019 жылы өткізілген ОЖСБ нәтижесінде республика бойынша орташа балл 67,69-ды құрады. Ең жоғары орташа балл «Әскери іс және қауіпсіздік» бағыты бойынша – 76,83, «Білім» бағыты бойынша – 71,97, ең төменгі орташа балл «Өнер» бағыты бойынша – 55,47, «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету» бағыты бойынша – 60,39 құрады (1-кесте).

1-кесте – 2019 жылғы ОЖСБ нәтижелері бойынша бағыттар кескініндегі статистикалық мәліметтер


Бағыт	Желілік ЖОО-лар саны	2019 жыл					
		Студенттер саны			Шекті деңгейден өтпегендер саны		Орташа балл
		Өтініш бергендер саны	Қатысқандар саны	%	Саны	%	
Әскери іс және қауіпсіздік	6	192	186	96,88	33	17,74	76,83
Білім	71	15042	14169	94,20	4602	32,48	71,97
Техникалық ғылымдар және технологиялар	84	16262	15298	94,07	5079	33,20	70,48
Жаратылыстану ғылымдары	49	2499	2408	96,36	664	27,57	70,11
Гуманитарлық ғылымдар	47	2965	2764	93,22	859	31,08	67,13
Құқық	65	3769	3487	92,52	1514	43,42	66,36
Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес	87	7385	6862	92,92	2712	39,52	66,03
Қызмет көрсету	61	2930	2789	95,19	1132	40,59	62,15
Ветеринария	10	846	815	96,34	382	46,87	61,97
Ауылшаруашылық ғылымдар	21	1667	1609	96,52	741	46,05	61,75
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)	12	5264	5102	96,92	2113	41,42	60,39
Өнер	40	2317	2167	93,53	1179	54,41	55,47
<b>Барлығы</b>		<b>61138</b>	<b>57656</b>	<b>94,30</b>	<b>21010</b>	<b>36,44</b>	<b>67,69</b>

ОЖСБ қорытындысы жыл сайын Ұлттық тестілеу орталығының [www.testcenter.kz](http://www.testcenter.kz) сайтында жарияланады. ОЖСБ-ға қатысқан барлық ЖОО-ларға мамандықтар және пәндер бойынша: ЖОО көрсеткішінің, ҚР бойынша ең жоғарғы көрсеткішінің және ҚР бойынша ең төменгі көрсеткішінің салыстырмалы статистикалық деректері беріледі.


Мемлекеттік мониторингтің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында 2013 жылы ОЖСБ-да алғаш рет тест тапсырмаларының жаңа түрі – берілген жауап нұсқаларынан бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау тесті қолданылды. Студентке барлық дұрыс жауапты таңдаса 2 балл, бір қате болса – 1 балл, 2 және одан көп қате үшін – 0 балл беріледі. Айтылған нысанды қолдану студенттердің біліміне тере-

ңірек талдау жасауға және нақты, тиянақты нәтиже алуға мүмкіндік береді ([kazbilim.kz](http://kazbilim.kz)) [3].

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінен қазақ тілінде тапсырған 17993 тестіленуші «2» бағасын, орыс тілінде тапсырған 54 тестіленуші «5» бағасын алды. «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәнінен қазақ тілінде тапсырған 27998 тестіленуші «3» бағасын, орыс тілінде – 297 тестіленуші «5» бағасын алды. Философия пәнінен қазақ тілінде тапсырған 22464 тестіленуші «3», орыс тілінде – 374 тестіленуші «5» бағасын алды. «Шет тілі» пәнінен қазақ тілінде тапсырған 5670 тестіленуші «4» және 8181 тестіленуші «5» бағасын алды, ал орыс тілінде «5» алған – 1548 тестіленуші (1-сурет).



1-сурет – Пән бойынша тапсыру тілі кескінінде дәстүрлік жүйе бойынша бағалаудың статистикалық мәліметтері



2-сурет – Бағыттар кескініндегі орташа балл бойынша статистика

Берілген тест тапсырмаларының артықшылығы:

- дұрыс жауапты болжап табуды болдырмау;
- студенттердің білімін толыққанды, терең және объективті, әділ бағалау;
- педагогикалық өлшемдердің сапасын көтеру (Интымаков, Алтыбаева, Скабаева, Баимбетова, 2014) [4].

Республика бойынша ең жоғары орташа балл – 117 (Гуманитарлық ғылымдар), одан кейін – 116 (Қызмет көрсету), содан соң – 108,8 (Білім және Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес), ең төменгі орташа балл – 30,5 (Қызмет көрсету), одан кейін – 32,0 (Жаратылыстану ғылымдары), 36,6 (Құқық) екенін көруге болады (2-сурет).

ОЖСБ нәтижелерін Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агентігі Қазақстан ЖОО-ларының рейтингісін анықтауда қолданады. ОЖСБ нәтижелері әртүрлі мақсаттағы топтарға арналған статистикалық

зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді. Жоғары білім беру жүйесінің тиімділігін анықтау үшін барлық ЖОО бойынша студенттер контингенті, оқу формасы (күндізгі, сырттай), оқу түрі (білім гранты, ақылы бөлім), ЖОО мәртебесі, мамандарды дайындау бағыты, мамандықтар және пәндердің тақырыптық бөлімдерін менгеруі бойынша талдаулар жасалады. ЖОО-лар оқу процесінің тиімділігін бағалауда ОЖСБ-ның статистикалық деректеріне сүйене алады.


2019 жылғы ОЖСБ нәтижелері бойынша ЖОО-ларды позициялау аясында пәндер бойынша талдау жүргізілді. Нәтижесінде мыналар анықталды: «Шет тілі (француз)» пәні бойынша жоғары орташа балл – 28,50, ал төменгі орташа балл «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні бойынша – 12,29. Жалпы «Шет тілі» пәні бойынша оқыту және тестілеуді тапсыру тілі кескініндегі орташа балл көрсеткіштері жоғарыдағыдай болып табылады (2-кесте).

2-кесте – 2019 жылғы ОЖСБ нәтижелері бойынша пәндер кескініндегі статистикалық мәліметтер

Пәндер	Оқыту тілі	Тестілеуді тапсыру тілі	Студенттер саны		Орташа балл
			Өтініш бергендер саны	Қатысқандар саны	
Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы	Қазақша	Қазақша	43631	41526	17,94
	Орысша	Орысша	17507	16130	15,93
Философия	Қазақша	Қазақша	43631	41526	16,44
	Орысша	Орысша	17507	16130	14,97
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Қазақша	Ағылшын	43631	41526	14,52
	Орысша	Ағылшын	17507	16130	12,29
Шет тілі	Қазақша	Ағылшын	43041	40972	21,03
	Орысша	Ағылшын	17355	15985	18,64
	Қазақша	Неміс	532	496	20,67
	Орысша	Неміс	127	124	23,77
	Қазақша	Француз	58	58	28,50
	Орысша	Француз	25	21	26,62

Ветеринария бағытынан Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша орташа балл – 12,82, Шет тілі бойынша – 17,82, «Әскери іс және қауіпсіздік» бағытынан сәйкесінше орташа балл – 17,57 және 23,57, «Денсаулық сақтау

және әлеуметтік қамтамасыз ету» бағытынан сәйкесінше – 12,43 және 17,53. Республика бойынша Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша орташа балл – 13,96 болса, Шет тілінен (ағылшын) – 20,45 құрады (3-сурет).



3-сурет – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және шет тілі (ағылшын) бойынша салыстырмалы талдау

### Талдау

Талдау нәтижесінде білім алушылардың шет тілін жетік меңгеруі үшін ЖОО-лар және білім алушылар тарапынан әлі де әрекет, талпыныс қажет екеніне көз жеткіздік. Қарап отырсақ, қазіргі кезде ағылшын тілін оқып-үйренуге барлық жағынан жағдай жасалған. Мониторингілеу нәтижесінде көретініміз, білім алушылардың көрсеткіштерін әлі де көтеру қажет.

ОЖСБ нәтижесінде ЖОО-лар арасында мамандық бағыттары, мамандықтар, пәндер бойынша салыстырмалы талдаулар жасау арқылы білім алушылардың білім деңгейінің озық немесе әлсіз тұстарын көруге және оқу процесін ұйымдастыруының қаншалықты тиімді екендігін бағалауға болады.

ОЖСБ мемлекеттік мониторинг жүргізуге, соның нәтижесі арқылы еліміздегі ЖОО-лар көрсетіп отырған білім сапасын бағалауға, рейтингті анықтауға мүмкіндік береді деуге болады. Бұл өз кезегінде ЖОО-ларды сапалы білім беруге ынталандыратындығы сөзсіз.

ЖОО өмірден өз орнын таңдай алатын және өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделе алатын, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзыреттілікті игерген полимәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыруы қажет.

Табысты болудың басты факторы білім екенін түсініп, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен

биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді, яғни рухани жаңғыру, заманауи сананы қалыптастыру және озық білімді игеру арқылы ғана инновациялық, технологиялық, экономикалық модернизацияға қол жеткіземіз.

### Қорытынды

Қорыта келе, білім беру саласындағы ең маңызды мәселелердің бірі жоғары оқу орындарының білім беру қызметтерінің сапасын бағалау болып табылатыны анық. Нарықтық қатынастарға көшумен жоғары оқу орындарының саны өсті, бұл өңірлік және жалпыұлттық нарықта өткір бәсекелестік күрестің пайда болуына әкелді. Білім беру мекемесінің нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін ЖОО-лар жаңа білім беру бағдарламаларын, кәсіби практикалық дайындық деңгейін әзірлейді және игереді, жаңа баға саясатын ұсынады, оқытуды ұйымдастыруға әртүрлі жаңашылдықтар енгізеді, білім беру бағыттарын нақтылайды.

Бірақ ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігінің басты шарты – ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасы болып табылады, өйткені ол талапкерлерге тиісті ЖОО-ны таңдауға, ал түлектерге болашақта табысты мансап құруға өз септігін тигізеді.

ОЖСБ әрбір жеке білім беру мекемесінде көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейін объективті анықтауға мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». – Астана, 7 желтоқсан 2010 жыл №1118, – URL: <http://adilet.zan.kz/>
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – 27 шілде 2007 жыл №319, – URL: <http://adilet.zan.kz/>
3. <http://kazbilim.kz/?p=2997>
4. Интымаков Т.Ж., Алтыбаева Ш.Б., Скабаева Т.Н., Баимбетова К.Э. Жоғары білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау // ҚазҰУ «Хабаршы» журналы (Педагогикалық ғылымдар сериясы), №1 (41), 2014, 11-12 б.
5. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының 12-ші сессиясында сөйлеген сөзі. – 2006, – URL: <http://egemen.kz/>;
6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауы. – Астана, 28 ақпан 2007 жыл, – URL: <http://adilet.zan.kz/>
7. [http://old.baq.kz/kk/news/bilim/ushtildi\\_bilim\\_beru\\_arkili\\_kuziretti\\_tulgani\\_kalipastiru\\_zaman\\_talabi20160822\\_150300](http://old.baq.kz/kk/news/bilim/ushtildi_bilim_beru_arkili_kuziretti_tulgani_kalipastiru_zaman_talabi20160822_150300)

### References

1. Qazaqstan Respublikasınıń Prezidenti Nazarbaev N.A. (2010) «Qazaqstan Respublikasında bilim berudi damytudin 2011-2020 jildarga arналған мемлекеттік бағдарламасы». [President of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev «state program of education development of the Republic of Kazakhstan for 2011-2020»], Astana, 7 December 2010 jil №1118, – URL: <http://adilet.zan.kz/> (In Kazakh)
2. Qazaqstan Respublikasınıń «Bilim turalı» Zanı (2007) [Law of the Republic of Kazakhstan “ on education”] 27 July 2007 jil №319, URL: <http://adilet.zan.kz/> (In Kazakh)
3. <http://kazbilim.kz/?p=2997>
4. Intimakov T.J., Altıbaeva S.B., Skabaeva T.N., Baimbetova K.É. (2014) Jогarı bilim berudegi oqu jetistikterin sırttay bagalau. QazUU «Хабарсы» jurnalı (Pedagogikalıq ғылымдар seriyası) [External assessment of academic achievements in higher education] Bulletin KaZNU Journal of Educational Sciences. №1 (41), pp. 11-12 (In Kazakh)
5. Qazaqstan Respublikasınıń Prezidenti Nazarbaev N.A. Qazaqstan xalqı Assambleyasınıń 12-shi sessiyasında soylegen sozi (2006), [Speech of the President of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev at the 12th session of the Assembly of people of Kazakhstan] URL: <http://egemen.kz/> (In Kazakh)
6. Qazaqstan Respublikasınıń Prizendeti Nazarbaev N.A. Qazaqstan xalqına «Janga alemdegi janga Qazaqstan» attı Joldauı. (2007) [Message of the President of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan “new Kazakhstan in a new world”. – Astana, February 28, 2007] Astana, 28 aqpan 2007 jil, – URL: <http://adilet.zan.kz/> (In Kazakh)
7. [http://old.baq.kz/kk/neus/bilim/ushtildi\\_bilim\\_beru\\_arkili\\_kuziretti\\_tulgani\\_kalipastiru\\_zaman\\_talabi20160822\\_150300](http://old.baq.kz/kk/neus/bilim/ushtildi_bilim_beru_arkili_kuziretti_tulgani_kalipastiru_zaman_talabi20160822_150300)